«М.ӨТЕМІСОВ атындағы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

М.Өтемісов атындағы
БҚУ ғылыми кеңесінің
2023 жылғы
«27» қарашадағы
№ 3 хаттамасының
шешімімен бекітілді

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ / МАГИСТРЛІК ЖОБА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Орал қ., 2023 ж.

Мазмұны:

1. Қолдану саласы
2. Жалпы ережелер
3. Магистрлік диссертацияның (жобаның)құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар
4. Магистрлік диссертацияны (жобаны)ресімдеу ережесі
5. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсыну
6. Магистрлік диссертацияны (жобаны)қорғау рәсімі
7. Магистрлік диссертация (жоба)туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі
8. Қорытынды ережелер
9. Сілтемелер, терминдермен анықтамалар

1. Қолдану саласы

Осы ереже барлық дайындық бағдарламалары бойынша магистрлік диссертацияларды/магистрлік жобаны қорғау рәсімінің құрылымына, ресімдеу және ұйымдастыру қағидаларының жалпы талаптарын белгілейді. Ереже білім алушыларға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, білім беру бағдарламаларының жетекшілеріне арналған.

2. Жалпы ережелер

Осы магистрлік диссертация туралы ереже (бұдан әрі – ереже) Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің2022 жылғы 20 шілдедегі №2бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді.

Магистр – магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

Магистрант – магистратурада білім алушы тұлға;

Магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

Магистрлік диссертация–ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

Магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселелерінің қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы.

Магистр академиялық дәрежесін алуға арналған диссертация (жоба) тиісті білім саласында ғылыми мәселелерді шығармашылықпен қалыптастыруға және шешуге қабілетті ғылыми қызметкер ретінде бітірушінің жетілуін көрсететін нақты бағыт бойынша білікті ғылыми жұмыс болуы керек.

Магистрлік жұмысты магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен дербес дайындауы керек. Сұратылған бағыттың бейініне сәйкескелетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесіне-

месе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаласы және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт факторы барнемесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) қорлардың бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер қорында Cite Score (Сайт Скор) процентиль көрсеткіші кемі 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаласы бар оқытушы ғылыми жетекшілікті жүзеге асыра алады.

Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау үшін тапсырма береді;
- магистрантқа магистрлік диссертацияны (жобаны) орындаудың барлық кезеңіне арналған күнтізбелік жұмыс кестесін әзірлеуге көмек көрсетеді;
- магистрантқа қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, үлгілік жобаларды және тақырып бойынша басқа да дереккөздерді ұсынады;
- магистранттың магистрлік диссертацияны (жобаны) орындаудың күнтізбелік кестесін сақтауын ағымдағы бақылауды жүзеге асыратын кеңестер кестесін белгілейді;
- магистрлік диссертацияның (жобаның) барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және магистранттың жұмысын үйлестіреді.

2.1.Магистрлік диссертация (жоба) ғылым мен тәжірибенің қазіргі заманғы теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделуі, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып орындалуы, негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылымизерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуы, тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделуі, нақты тәжірибелік ұсынымдарды қамтуы тиіс.

2.2.Ғылыми жетекші және магистранттың зерттеу тақырыбы ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі. Магистранттың магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы ғылыми кеңестің шешімімен және М.Өтемісоватындағы БҚУ-дың басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен бекітіледі. Диссертация (жоба) тақырыбы ғылым үшін өзекті болуы керек, осы бағыт бойынша ғылым мен техниканың қазіргі жағдайына сәйкес келуі және университеттің тиісті білім беру бағдарламаларының (ББББ)/кафедраларының ғылыми зерттеу жұмыстарының жоспарларымен сәйкес болуы керек.

2.3. Магистрлік диссертация (жоба) авторы алынған негізгі ғылыми нәтижелерді ғылыми басылымдарда жариялау арқылы міндетті түрде сынақтан өткізеді. **Жарияланған жұмыс ең кемі–1 ғылыми мақала болуы тиіс. Жарияланымдарға көлемі кемінде 0,3 баспа табақ болатын өңірлік, республикалық, халықаралық конференциялар, симпозиумдар, кеңестердің**

жинақтарында жарияланған мақалалар (тезистер емес), шолу ақпараттары, талдамалық шолулар және патенттер, авторлық құқық туралы куәлік (бар болған жағдайда) тенестіріледі.

2.4. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жазба жұмысын орындауда пайдаланылған барлық құжаттардан тұрады және магистранттарға негізгі әдебиеттерге соңғы 10 жылда жарияланған ғылыми басылымдарды пайдалану ұсынылады, ал қосымша әдебиеттергезерттеу бағытының тақырыбына, білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне байланысты басылған жылына қарамастан кез келген ғылыми дереккөздерді пайдалануға жол беріледі.

3. Магистрлік диссертацияның (жобаның)құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар:

3.1. Магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылымдық элементтері:

- мұқаба (нөмірленбеген, 1-қосымша);
- титул беті;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар, белгілер мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттердің тізімі;
- қосымшалар.

3.2. Титул беті магистрлік диссертацияның (жобаның) бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеп іздеу үшін қажетті ақпарат көзі болып табылады. Титул беті диссертация (жоба) беттерінің жалпы нөмірленуіне кіреді. Бет нөмірі титулдық параққа қойылмайды. Титул парағы 1 және 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

3.3. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны кіріспе, барлық бөлімдердің, бөліктердің, тармақтардың реттік нөмірлері мен атауларынан (егер олардың атаулары болса), қорытынды, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен және диссертацияның (жобаның) осы элементтері басталатын беттердің саны көрсетілген қосымшалардан тұрады. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

3.4. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны мына талаптарға сәйкес болуытиіс:

- зерттеу тақырыбының өзектілігі;
- нәтижелердің жаңалығы;
- қорғалатын ережелердің ғылыми маңыздылығы;
- тәжірибелік маңыздылығы.

Диссертацияны (жобаны) ресімдеу кезінде көрсетілген тармақтар "Кіріспе" бөлімінде мазмұндық түрде көрсетілуге тиіс.

3.5. "Нормативтік сілтемелер" құрылымдық элементі диссертация (жоба) мәтінінде сілтемелер берілген стандарттардың тізімін қамтиды. Сілтеме стан-

дарттарының тізбесі: "Осы магистрлік диссертацияда (жобада) келесі стандарттарға сілтемелер жасалды...."деген сөзден басталады. Тізбеге стандарттардың белгілері мен атаулары тіркеу нөмірлерінің өсу тәртібімен енгізіледі.

3.6. "Анықтамалардың" құрылымдық элементі магистрлік диссертацияда (жобада) терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды қамтиды. Анықтамалар тізбесі: "Осы магистрлік диссертацияда (жобада) келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады..."деген сөздерден басталады.

3.7. "Белгілер және қысқартулар" құрылымдық элементі магистрлік диссертацияда (жобада) қолданылатын белгілер мен қысқартулардың тізімін қамтиды. Белгілеулер мен қысқартуларды жазу оларды диссертацияның (жобаның) мәтініне қажетті транскрипциямен және түсіндірмелермен келтіру тәртібімен жүргізіледі. Анықтамаларға, белгілеулерге және қысқартуларға "анықтамалар, белгілер және қысқартулар" бір құрылымдық элементінде келтіруге рұқсат етіледі.

3.8. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, осы жұмыстың басқа ғылыми зерттеу бағдарламаларымен байланысы көрсетілуі, сондай-ақ зерттеудің мақсаттары мен міндеттері, олардың жалпы ғылыми зерттеу жұмысын орындаудағы орны көрсетілуі тиіс.

3.9. Диссертацияның (жобаның) негізгі бөлігінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректер келтіріледі.

3.10. Негізгі бөлімде мыналар болуы керек:

- зерттеу бағытын таңдау және оның негіздемесі, есептерді шешу әдістері және оларды салыстырмалы бағалау, жұмыстың таңдалған жалпы әдістемесінің сипаттамасы;
- теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын анықтауды, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажеттілігінің негіздемесін, әзірленген нысандардың әрекет ету қағидаттарын, олардың сипаттамаларын қоса алғанда, теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер үрдісі;
- зерттеу нәтижелерін жалпылау мен бағалау, жұмыстың одан әрі бағыттары бойынша ұсыныстар, алынған нәтижелердің дұрыстығын бағалау және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың ұқсас нәтижелерімен салыстыру;
- әр тарау, бөлім бойынша қысқаша қорытындылар.

3.11. Қорытындыда:

- диссертациялық зерттеудің (жобаның) нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
- қойылған міндеттердің шешімдерінің толықтығын бағалау;
- нәтижелерді нақты пайдалану бойынша ұсыныстар мен бастапқы деректерді әзірлеу;
- осы саладағы үздік жетістіктермен салыстырғанда орындалған жұмыстың техникалық-экономикалық деңгейін бағалау.

3.12 Пайдаланылған әдебиеттердің (дереккөздердің) тізімінде магистрлік диссертация (жоба) жазу кезінде пайдаланылған дереккөздер туралы мәліметтер болуы тиіс. Тізім 4 және 5-қосымшаларға сәйкес ресімделеді.

3.13 Қосымшаларға қандай да бір себептермен негізгі бөлімге енгізуге болмайтын диссертациялық жұмысты (жобаны) орындауға байланысты материалдарды қосу ұсынылады.

4. Магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеу ережесі

Жалпы талаптар

4.1.1 Магистрлік диссертация (жоба) мәтінін баяндау осы Ереженің талаптарына сәйкес орындалады. Магистрлік диссертация (жоба) мәтінінің беттері және оған енгізілген иллюстрациялар мен кестелер А4 форматына сәйкес келуі тиіс.

4.1.2 Магистрлік диссертация (жоба) баспа және графикалық құрылғылардықолданаотырып, бір жарым аралық жолмен А4 форматтағы ақ қағаз парағының бір жағына шығарылып орындалуы тиіс. Қарпі-қарапайым 14 кегль. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтіні келесі өлшемдерді сақтай отырып басылуы керек: сол жағы – 30 мм,төмені мен жоғары жағы – 20 мм,оң жағы - 10 мм.

4.1.3 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы барлық білім беру бағдарламаларында **магистрлік диссертацияның көлемі кемінде 70 бет**. Бейіндік бағыттағы барлық білім беру бағдарламаларында **магистрлік жобаның көлемі кемінде 60 бет**.

4.1.4 Компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аудару үшін әртүрлі қаріптердіпайдалануға рұқсат етіледі.

4.1.5 Диссертацияны (жобаны) орындау тәсіліне қарамастан, басылған мәтіннің сапасы мен иллюстрацияларды, кестелерді ресімдеу, компьютерден басып шығару олардыанық басып шығару талабын қанағаттандыруы тиіс.

4.1.6 Магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауда барлық диссертациядағы (жоба) кескіннің біркелкі тығыздығы, контрастығы мен айқындығы сақталуы қажет. Магистрлік диссертацияда (жобада) сызықтар, әріптер, сандар мен белгілер бұлдыр емес анық болуы тиіс.

4.1.7 Диссертацияны (жобаны) дайындау кезінде анықталған қателер мен графикалық дәлсіздіктерді тазалап өшіруге немесе ақ бояумен бояп, сол жердегі түзетілген мәтінді (графиканы) машинкамен немесе қара сиямен қолмен жазып түзетуге жол беріледі.

4.1.8 Мәтіндік құжаттардың парақтарын бүлдіруге, бұрынғы мәтіннің (графиканың) толық жойылмаған түзетулері мен іздеріне жол берілмейді.

4.1.9 Диссертациядағы (жобадағы) адамның тегі, мекемелер, ұйымдар (фирмалар), бұйымдардың атаулары және басқа да тиісті атаулар түпнұсқа тілінде келтіріледі.

4.1.10 Тиісті атауларды транслитерациялауға және диссертация (жоба) тіліне аударылған ұйымның атауларын түпнұсқа атауымен қоса (бірінші рет қолданғанда) беруге рұқсат етіледі.

4.2.Магистрлік диссертацияның (жоба)құрылымы

4.2.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтерінің атаулары-" Мазмұны","Нормативтік сілтемелер","Анықтамалар","Белгілермен қысқартулар","Қорытынды","Пайдаланылған әдебиеттер тізімі" диссертацияның (жобаның) құрылымдық элементтерінің тақырыбы ретінде қызмет атқарады.

4.2.2 Құрылымдық элементтердің тақырыбынан кейін нүкте қойылмай жолдың ортасына бас әріппен жазылады (МАЗМҰНЫ).

4.2.3 Бөлімдердің, бөліктер мен тармақтардың тақырыбы абзац шегінісінен (әдетте, 4-әріптен басталады немесе 1 см-ге тең) бас әріппен, соңына нүкте қойылмай, асты сызылмай басылады. Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нүктемен бөлінеді. Тақырыпта сөздерді тасымалдауға жол берілмейді.

4.2.4 Магистрлік диссертацияны (жобаны) компьютерден басып шығарғанда бөліктердің тақырыбы "қою" қаріппен жазылуы керек.

4.2.5 Мәтін мен құрылымдық элементтер тақырыптарының арасындағы қашықтық "бос жол" (0,7 мм) болады.

4.3 Магистрлік диссертацияның (жоба)беттерін нөмірлеу

4.3.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) беттері диссертацияның (жобаның) барлық мәтінін үздіксіз нөмірлеуді сақтай отырып, араб цифрларымен нөмірленуі тиіс. Беттің саны нүктесіз парақтың төменгі жағының ортасына қойылады.

4.3.2 Титул парағы беттердің жалпы нөмірленуіне кіреді. Титулдық параққа беттің саны қойылмайды.

4.3.4 Бөлек парақтардағы иллюстрациялар мен кестелер диссертацияның (жоба) жалпы бет нөмірлеуіне кіреді.

4.3.5 А3 парағындағы иллюстрациялар, кестелер бір бет болып есептеледі.

4.4 Магистрлік диссертацияның (жобаның)бөлім, бөлік, тармақ, тармақшаларын нөмірлеу

4.4.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) бөлімдерінде бүкіл құжат бойына араб цифрларымен нүктесіз көрсетіліп, абзац шегінісінен жазылған реттік нөмірлер болуы тиіс. Бөліктер әр бөлімнің ішінде нөмірленуі керек. Бөлік нөмірі нүктемен бөлінген бөлім және бөлік нөмірлерінен тұрады. Бөлік нөмірінің соңында нүкте қойылмайды. Бөлімдер, бөліктер сияқты бір немесе бірнеше тармақтан тұруы мүмкін.

4.4.2 Егер құжатта бөлік болмаса, онда тармақтардың нөмірленуі әрбір бөлімнің шегінде болуы тиіс, тармақтың нөмірі бөлімнің және нүктемен бөлінген тармақтың нөмірлерінен тұруы тиіс. Тармақ нөмірінің соңында нүкте қойылмайды. Егер құжатта бөліктер болса, онда тармақтардың

нөмірленуі бөлік шегінде болуы тиіс және тармақтың нөмірі нүктелермен бөлінген бөлімнің, бөліктің және тармақтың нөмірлерінен тұруы тиіс.

4.4.3 Егер мәтін тек тармақтарға бөлінсе, онда олар барлық магистрлік жұмыс (жоба) бойы реттік нөмірлермен нөмірленеді.

4.4.4 Қажет болған жағдайда тармақтар әрбір тармақтың шегінде реттік нөмірленуі тиіс тармақшаларға бөлінуі мүмкін, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т. б.

4.4.5 Магистрлік диссертацияның (жобаның) әрбір құрылымдық элементі жаңа парақтан (беттен) бастаған жөн.

4.4.6 Магистрлік диссертацияның (жобаның) құрамына кіретін беттер мен қосымшалардың нөмірленуі үздіксіз болуы тиіс.

4.5 Иллюстрациялар

4.5.1 Иллюстрациялар (сызба, карта, график, сұлба, диаграмма, фотосуреттер) магистрлік диссертацияда (жобада) олар өзі алғаш рет қолданылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастырылады. Иллюстрациялар компьютерлік нұсқада түрлі-түсті болуы мүмкін. Диссертацияда (жобада) барлық иллюстрацияларға сілтеме берілуі керек.

4.5.2 Иллюстрация "Сурет"сөзімен белгіленеді. Егер сурет біреу болса, онда ол "1-сурет" деп белгіленеді. "Сурет" сөзі және оның атауы жолдың ортасына орналастырылады. Иллюстрациялар (араб цифрларымен) магистрлік диссертация (жоба) бойына үздіксіз нөмірленеді. Мәтінде әр иллюстрацияға сілтеме болуы міндетті. Иллюстрацияға сілтеме жасағанда "... 2-суретке сәйкес" деп жазу керек.

4.6. Кестелер

4.6.1 Сандық материал, әдетте, кесте түрінде жасалады. Кесте дизайнының мысалы 1-суретте келтірілген.

4.6.2 Кестені диссертацияда (жобада) өзі алғаш рет қолданылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастырылады.


4.6.3 Кестені келесі бетте жалғастырғанда баған тақырыбынан кейін баған нөмірін көрсететін жолды қосу қажет. Кестенің жалғасында бағанның атауы жазылмайды, бірақ бағанның нөмірі көрсетіледі.

4.6.4 Диссертацияда (жобада) барлық кестелерге сілтеме болуы керек. Сілтемеде нөмерін көрсетіп "кесте" деп жазу керек (1-кесте).

4.6.5 Көп жолды кестені басқа парақта (бетке) жалғастыруға болады. Кестенің бір бөлігін басқа параққа (бетке) жалғастырғанда оның нөмірі мен "кесте" сөзі кестенің бірінші бөлігінің оң жағында бір рет көрсетіледі, басқа бөліктерінің үстінде "жалғасы" деген сөз жазылып, кестенің нөмірі көрсетіледі, мысалы: "1-кестенің жалғасы". Кестені басқа параққа (бетке) жалғастырғанда тақырып тек оның бірінші бөлігінің үстіне жазылады.

_____- кесте. _____

Кестенің номері мен атауы



1-сурет.Кестені ресімдеу үлгісі

4.6.6 Кестелер, қосымшаның кестелерін қоспағанда, араб цифрларымен үздіксіз нөмірленуі керек.

4.6.7 Кестенің бағандары мен жолдарының тақырыптарын бас әріппен жекеше түрде, ал егер бағанның тақырыпшалары тақырыппен бір сөйлемді құраса кіші әріппен немесе егер олардың дербес мәні болса, бас әріппен жазған жөн. Кестелердің тақырыптары мен тақырыпшаларының соңында нүкте қойылмайды.

4.6.8 Әдетте кестелер сол, оң және төменгі жағынан сызықтармен шектеледі. Кесте қаріпінің көлемін мәтіндегіден кішірек қылуға болады.

4.7 Формулалар мен теңдеулер

4.7.1 Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолға түсіру керек. Әрбір формула немесе теңдеудің үсті мен астынан кемінде бір бос жол қалуы керек. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдік белгісінен кейін (=) немесе плюс (+), минус (-), көбейту (х), бөлу (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін беріліп, келесі жолдың басында белгі қайталануы қажет. Көбейту операциясын білдіретін белгідегі формуланы жалғастырып бергенде "х" белгісі қолданылады.

4.7.2 Диссертация жұмысындағы (жобадағы) формулалар барлық диссертация (жоба) бойына ретімен жолдың оң жағындағы жақшада араб цифрларымен нөмірленуі керек.

Мысалы:

A=a: b; (1)

B=c: E. (2)

4.8 Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

4.8.1 Диссертация (жоба) жазуда магистрант автор мен материалдар немесе жеке нәтижелерді алған дереккөздерге сілтеме беруге міндетті.

4.8.2 Дереккөздер туралы мәліметтер диссертация (жоба) мәтінінде дереккөздерге сілтемелердің берілу тәртібімен орналастырылып, араб цифрымен нөмірленіп, абзац шегінісінсіз басып шығарылады.

4.8.3 Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелерді тік жақшада беру керек [5,б.7]. Бір дереккөзге бірнеше рет сілтеме жасағанда, тік жақшада көздің

реттік нөмірінен басқа тиісті бет саны да қойылады. БАҚ-тан алынған ақпаратты пайдаланғанда жақшаның ішінде тек дереккөздің нөмірі көрсетіледі.

4.8.4 Стандарттар мен техникалық шарттарға сілтеме жасағанда олардың белгіленуі ғана көрсетіледі, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде стандартқа толық сипаттама берілген жағдайда олардың бекітілген жылын көрсетпеуге болады.

4.9 Қосымшалар

4.9.1 Қосымшалар осы магистрлік диссертацияның (жобаның) жалғасы ретінде оның келесі беттерінде ресімделеді.

4.9.2 Диссертацияның (жобаның) мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымшалар диссертация (жоба) мәтінінде оларға сілтеменің берілу ретімен орналастырылады.

4.9.3 Әрбір қосымша беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы "ҚОСЫМША" сөзімен көрсетілетін жаңа беттен басталуы керек.

4.9.4 Қосымшада жеке жолдан бас әріппен мәтінге симметриялы түрде бас әріптермен жазылатын тақырып болуы керек.

4.9.5 Қосымшалар Ё, З, Й, О, Ч, Ь, Ы, Ъ осы әріптерін қоспағанда орыс алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді. "ҚОСЫМША" сөзінен кейін оның реттілігін білдіретін әріп беріледі.

4.9.6 Қосымшалар құжаттың қалған бөлігімен бірдей үздіксіз нөмірленеді.

5. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсыну

5.1 Белгіленген талаптарға сәйкес ресімделіп, ғылыми жетекшінің "қорғауға жіберілді" немесе "қорғауға жіберілмеді" деген дәлелді қорытынды пікірі көрсетілген магистрлік диссертация (жоба) алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың бітіртуші ББББ/ кафедрасына тапсырылады.

5.2 Магистрлік диссертацияға (жоба) өзге ұйымнан (ЖОО) доктор, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе бейіні бойынша PhD доктор академиялық дәрежесі бар ресми рецензент тағайындалады.

5.3 Магистрлік диссертацияның (жобаның) ресми рецензенті М.Өтемісов атындағы БҚУҒылыми кеңесінің шешімі негізінде жұмыс орнын, атқаратын лауазымын, ғылыми дәрежесін, ғылыми атағын және қорғалатын диссертация бейіні бойынша негізгі жарияланымдарын көрсете отырып (кемінде 3 жұмыс) ректордың бұйрығымен бекітіледі.

5.4 Ресми рецензент магистрлік диссертациямен танысып дәлелді қорытындысымен "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық", "қанағаттанарлықсыз" деген бағаны және тиісті ББББ/мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесін беру не бермеу мүмкіндігін көрсете отырып, пікір береді (6-қосымша).

5.5 Ресми рецензенттің пікірі машинамен басылған нұсқада ресімделіп, оның жазылған күні көрсетіліп, рецензенттің (оппонент) қолы қойылады.

Рецензенттің қолы ұйымның кадрлар бөлімімен куәландырылып, мекеме мөрі қойылады (рецензент жұмыс істейтін мекеменің).

5.6 Бітіруші М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың білім беру бағдарламасында (ББББ)/кафедрасында алдын ала қорғаудан өткеннен кейін магистрлік диссертация (жоба) плагиат пен сараптамалық тексеруден өтеді, ол үшін ББББ/кафедра сараптамалық кеңес құрады.

5.7 Сараптамалық кеңес құрамына соңғы 5 жылда екі немесе одан да көп жарияланымдармен расталған, ұсынылған зерттеудің пәні мен нысаны саласында білімі бар кемі үш маман кіруі тиіс.

5.8 Сараптамалық кеңеске:

- аяқталған магистрлік диссертация (жоба);
- диссертация (жоба)тақырыбын бекіту туралы құжат;
- белгіленген тәртіппен расталған ғылыми жарияланымдардың тізімі мен олардың көшірмелері (7-қосымша).
- плагиат нормаларына сәйкестігі туралы анықтама (плагиаттан өткені туралы анықтама) тапсырылады.

5.9 Сараптамалық кеңес белгіленген үлгіде төмендегі шешімдердің бірімен негізделген жазбаша қорытынды береді:

1) диссертация (жобаны) жария қорғауға ұсынылсын;
2) белгіленген мерзімде ескертулер түзетілген жағдайда диссертация (жобаны) жария қорғауға ұсынылсын;
3) диссертация (жобаны) қорғауға ұсынылмасын. (8-қосымша).

6. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау рәсімі

6.1 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау М. Өтемісов атындағы БҚУ-да құрылатын тиісті білім беру бағдарламасынан (ББББ) аттестаттау комиссиясымен (АК) жүзеге асырылады.

6.2 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау жөніндегі АК отырысы оның төрағасының басшылығымен өткізіледі.

6.3АК сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде келесі құжаттар болғанда магистрлік диссертацияны (жоба) қорғауға қабылдайды:

- ресми алдын ала қорғау жөніндегі отырыс хаттамасының көшірмесі;
- магистрлік диссертация тақырыбы бойынша мақалалар тізімі;
- ғылыми жетекшінің пікірі;
- плагиаттың рұқсат етілген нормаларға сәйкестігі туралы анықтама;
- ресми рецензенттің магистрлік диссертацияға (жоба) пікірі.

6.4 АК-да орындалған магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми және тәжірибелік құндылығын сипаттайтын басқа да материалдар, бейресми пікірлер, магистрлік диссертацияның (жобаның) бейіні бойынша тәжірибелік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардан жазбаша қорытындылар, енгізу актілері, макеттер және т.б. ұсынылуы мүмкін.

6.5 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау АК ашық отырысында оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігінің қатысуымен өткізіледі.

6.6 Магистрант зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қысқаша және нақты сипаттап, маңызды ережелерді баяндап, қорытындылар мен ұсыныстарды негізді түрде дәлелдеп, 20 минуттан аспайтын баяндама жасайды.

6.7 Магистрлік диссертацияны (жобаны) бағалауда мыналар:

- орындалған жұмыс көлемі;
- зерттеудің дербестігі;
- жұмыста жаңа технологияларды қолдану;
- әдеби шолудың толықтығы мен пайдаланылған дереккөздердің заманауилығы;
- алынған нәтижелердің ғылыми зерттеулерде, тәжірибелік жұмыста немесе оқу үрдісінде қолданылу мүмкіндігі;
- материалдардың сауаттылығы мен нақтылығы;
- қойылатын ресімдеу талаптарына сәйкестігі;
- диссертацияны қорғаудағы баяндаманың сапасы (айқындық, сауаттылық, кәсіби терминдерді қолдана білуі, көрсетілетін материалдың сапасы және т. б.);
- қорғау кезінде қойылған сұрақтар мен рецензенттің ескертулеріне берілген жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы;
- магистранттың жұмысы бойынша жарияланымдарының, ғылыми конференцияларда сөйлеген сөздерінің саны;
- магистранттың тапсырыс беруші ұйымның, сондай-ақ бітіртуші ББВ/кафедраның ғылыми тақырыптарын әзірлеуге қатысуы ескеріледі.

6.8 АК отырысының хаттамалары әрбір магистрантқа жүргізіледі және оны белгіленген нысанда хатшы толтырады.

6.9 АК отырысы хаттамасының барлық бланкілері магистранттардың қорытынды аттестаттауы басталғанша, қорытынды аттестаттаудың әр түріне жеке кітапша түрінде нөмірленіп, тігіліп және кеңсенің мөрімен бекітілуі тиіс.

6.10 Магистрлік диссертация жұмысын қорғауды бағалау, сондай-ақакадемиялық дәреже беру және өзіндік үлгідегі диплом беру туралы шешімдерді АК жабық отырыста талқылап, отырысқа қатысқан комиссия төрағасы мен мүшелерінің көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

6.11 Хаттамаға отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелеріқол қояды.

6.12 Диссертация жұмысын қорғау нәтижелері қорғау өткен күні жарияланады.

6.13 Диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижесінде «магистр» академиялық дәрежесін беру туралы шешім қабылданады.

6.14 Магистрлік диссертацияны (жобаны) жария қорғаған магистрантқа тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесі менүш тілде (транскрипт) қосымшасы бар өзіндік үлгідегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беріледі.

6.15 Магистрлік диссертацияның (жобаның) қатты түптелген бір данасы мен электронды нұсқасы (PDF форматы) университеттің ғылыми кітапханасының қорына тапсырылады.

6.16 Магистрлік диссертацияның (жобаның) қатты түптелген бір данасы университет мұрағатына тапсырылады.

7. Магистрлік диссертация (жоба)туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

7.1 Қажеттілігіне қарай (ҚР МЖМС, оқу жоспарлары және т.б. өзгергенде) ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

7.2 Өзгерістер әзірленіп жатқан ережеде көзделген тәртіппен келісіліп, бекітіліп, қолданысқа енгізіледі.

7.3 Өзгерістер келісіліп бекітілгеннен кейін әзірлеуші немесе оны алмастыратын тұлға өзгерістерді ереженің түпнұсқасына енгізеді.

7.4 Өзгерістер міндетті түрде тіркеу нөмірі көрсетіле отырып, жеке парақта ресімделеді.

8. Қорытынды ережелер

Осы ереже университет ғылыми кеңесінің шешімімен қолданысқа енгізіледі және бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

Осы ережеге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар университет ғылыми кеңесінің отырысында бекітіледі.

9. Сілтемелер, терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалды:

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV "Білім туралы" заңы;
- Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 11 шілдедегі № 680 "Ғылым туралы" заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №595 бұйрығы. 2018 жылғы 31 қазанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде №17657 болып тіркелген.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" №391 бұйрығы. 2015 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 11716 болып тіркелген. Жаңа редакцияда ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 24.112022 жылғы № 152 бұйрығы;

Осы Ережеде Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы №487-IV "Білім туралы"заңына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" № 2 бұйрығы, №2 тарау, 1-параграф. Магистратура. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелген.

Терминдер:

М.Өтемісов атындағы БҚУ- М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті;
АК -аттестаттау комиссиясы;
ҚР ЖЖООКББ МЖМС-Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
ҚР БҒМ-Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;
ҚР ҒЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ҒЖООКДБ -ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі;
БББ - білім беру бағдарламасы;
ҚА - қорытынды аттестаттау.

Құрастырған:
Ғылым және жоғары оқу
орнынан кейінгі дайындық
бөлімінің жетекшісі М.Г. Какишев 14.11. 2023ж.

Келісілді:
Басқарма мүшесі, ғылыми жұмыс
және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор К.М.Ахмеденов 16.11. 2023ж.

Басқарма мүшесі, академиялық
мәселелер бойынша проректор Г.С.Кайсағалиева 17.11. 2023 ж.

Заңгер Мухсинов А.С. 17.11. 2023 ж.

1-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ ****
Қолжазба құқында

Назарова Айгул Махсотқызы

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСТАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН ЖАСАҚТАУ

7М01507 – «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация

ОРАЛ – 2023

2 -қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

Қорғауға жіберілді:
Білім беру бағдарламасының жетекшісі,
экономика ғылымдарының докторы,
профессор

_____
___._____20__ж.

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСТАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН ЖАСАҚТАУ

магистрлік диссертациясы

7М01507- «Химия»білім беру бағдарламасы

Магистрант _____ ТАӘ

Ғылымижетекшісі,
химия ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор_____ ТАӘ

ОРАЛ – 2023

3- қосымша

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....4
1. ФАКУЛЬТАТИВТІК САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ
1.1 Факультативтік сабақтарды ұйымдастырудың мазмұны мен маңыздылығы.....9
1.2 Факультативтік сабақтарды ұйымдастырудағы негізгі мәселелер.....12
1.3 Қазақстан Республикасы мектеп бағдарламасында факультативтік сабақтарды оқытудың қазіргі жай-күйі.....15
2. ХИМИЯ ПӘНІНЕН ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ
2.1 Танымдылық белсенділікті арттырудағы химиялық есептердің рөлі.....18
2.2 Химияның негізгі ұғымдары бойынша есептер шығару.....21
2.3 Химияның негізгі курсын тереңдетуге байланысты факультативтік сабақтардың бағдарламасын құрастырып, үлгісін ұсыну.....25
2.3 Факультативтік сабақтарды жүргізу негізінде оқушылардың тұлғалық дамуы.....46
3. ХИМИЯ ПӘНІНЕН ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСТАРДЫ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР
3.1 Факультативтік курстарды жүргізу бойынша мектеп бағдарламасын жоспарлаудың шетелдік тәжірибесі.....49
3.2 Факультативтік курстарды енгізу шарты негізінде білім сапасын жақсарту мүмкіндіктері.....50
ҚОРЫТЫНДЫ.....64
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....66
ҚОСЫМШАЛАР.....72

4-қосымша
(анықтамалық)

Құрылымдық элементті жобалау мысалы
диссертациясында "пайдаланылған әдебиеттердің тізімі"

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. DeRidder J. L. The immediate prospects for the application of ontologies in digital libraries//Knowledge Organization - 2007. - Vol. 34, No. 4. P. 227-246.
2. U.S. National Library of Medicine. Fact sheet: UMLS Metathesaurus/ National Institutes of Health, 2006-2013.-URL: http://www.nlm.nih.gov/ pubs/ factsheets/ umlsmeta.html (өтініш беру күні 2014-12-09).
3. U.S. National Library of Medicine. Fact sheet: Unfi ed Medical Language System/National Institutes of Health, 2006-2013. - URL: http://www.nlm. nih.gov/pubs/factsheets/umls.html (өтініш беру күні 2009-12-09).
4. Антопольский А.Б., Белоозеров В.Н. политематикалық ақпараттық жүйелердің макротезаурусын қалыптастыру процедурасы//жіктеу және кодтау. - 1976. - № 1 (57). - 25-29 ББ.
5. Белоозеров В.Н., Федосимов В.И. органдар желісін лингвистикалық қамтамасыз етудегі макротезаурустың орны ғылыми-техникалық ақпарат // ақпараттық жүйелердің мәселелері. - 1986. - № 1. - Б. 6-10.
6. ГАСНТИ макро тезаурусын қолдану және жүргізу: әдістемелік ұсынымдар / КСРОГКНТ.-М., 1983.-12 б.
7. Nuovo soggettario: guida al sistema italiano di indicizzazione per soggetto, prototipo del thesaurus [шолу] // Knowledge Organization.-2007.-Vol.34, № 1. -P. 58-60.
8. ГОСТ 7.25-2001 СИБИД. Тезаурус біртілді ақпараттық іздеу. Әзірлеу ережелері, құрылымы, құрамы және ұсыну формасы. -М., 2002. - 16 б.
9. Nanoscale Science and Technology Supplement: Collection of applicable terms from PACS 2008//PACS 2010 Regular Eddition /AIP Publishing.-URL: http: //www.aip.org/publishing/pacs/nano-supplement (өтініш беру күні 2014-12-09).
10. Смирнова О.В. УДК индекстерін құрастыру әдістемесі//ғылыми-техникалық ақпарат. Сер. 1. -2008.-№ 8.-7-8 б.
11. УДК ақпараттық жіктеу кодтарымен іргелі ғылыми бағыттарды индекстеу /О.А. Антошкова, Т.С. Астахова, В.Н. Белоозеров және басқалар; ред. акад. Ю.М. Арский. - М., 2010. - 322 б.
12. Рубрикатор ақпараттық навигация құралы ретінде / Р.С. Гиляревский, А. В.Шапкин, В.Н. Белоозеров. - Санкт-Петербург: Мамандық, 2008. - 352 б.
13. Нанотехнология және наноматериалдар бойынша ғылыми-техникалық ақпараттың рубрикаторы / "Курчатов институты" РҒО, "Информика" ИТТ ҒЗИ ФМУ, Ұлттық электрондық-ақпараттық консорциум (НЭИКОН), бүкілресейлік ғылыми-техникалық ақпарат институты (РҒА ВИНИТИ). - М., 2009. - 75 б.
14. Наноғылым және нанотехнология бойынша Рубрикатор. — URL: http/www.rubric.neicon.ru.

5- қосымша
(анықтамалық)

Әр түрлі дереккөздердің библиографиялық сипаттамаларын жобалау мысалдары, диссертацияда келтірілген

Мерзімді басылымдардағы және мақалалар жинақтарындағы мақала:

1. Гуреев В.Н., Мазов Н.А. Ғылыми кітапханалардағы журналдардың маңыздылығын бағалау үшін библиометрияны қолдану (шолу)//ғылыми-техникалық ақпарат. Сер. 1. - 2015. - № 2. - С. 8-19.
2. Колкова Н.И., Скипор И.Л. "Электрондық ақпараттық ресурстар" пәндік саласының терминожүйесі: теория мен практика тұрғысынан көзқарас // ғылыми. және техн. б-ки. — 2016. — № 7. — С. 24—41.

Кітаптар, монографиялар:

1. Земсков А.И., Шрайберг Я.Л. Электрондық кітапханалар: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. - М.: Либерея, 2003. — 351 б.
2. Костюк К.Н. Жаңа медициналық ортадағы кітап. - М.: Тікелей Медиа, 2015. - 430 Б.

Баяндамалардың тезистері, конференция материалдары:

1. Леготин Е.Ю. Деректер қоймасында метадеректерді ұйымдастыру / / ғылыми іздеу. Техникалық ғылымдар: 3-ші ғылыми материалдар. конф. аспиранттар мен докторанттар / отв. үшін. С.Д. Ваулин; Оңтүстік.-Орал. мемлекеттік ун-т. Т. 2. - Челябинск:ЮУрГУ баспа орталығы, 2011. - С. 128-132.
2. Антопольский А.Б. Электрондық кітапханалардағы метадеректер жүйесі//өзгермелі әлемдегі кітапханалар мен қауымдастықтар: жаңа технологиялар және ынтымақтастықтың жаңа формалары: Тр. 8-ші Халықаралық. конф. "Қырым-2001" / Уолли қ.,(маусым 2001). - Т. 1. - М., 2001. - С. 287-298.
3. Парфенова С.Л., Гришакина Е.Г., Золотарев Д.В. 4-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция"Халықаралық деңгейдегі ғылыми басылым - 2015: Әлемдік редакциялау тәжірибесіндегі заманауи үрдістер,ғылыми басылымдардың басылымдары мен бағалары " // ғылым. Инновация. Білім. - 2015. - № 17. - С. 241-252.

ДЗМҰ стандартына сәйкес патенттік құжаттама:

1. ПО (ел коды) 18875 (патенттік құжаттың№) С1 (құжат түрінің коды), 2010 (жарияланған күні).

Электрондық ресурстар:

1. 2006 жылғы ресейлік кітап шығарудың статистикалық көрсеткіштері: сандар мен рейтингтер [Электрондық ресурс]. -2006. - URL: http://bookhamber.ru/stat_2006.htm (өтініш берілген күні 12.03.2009).
2. Ресей Федерациясының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған ғылыми-технологиялық даму болжамы. - URL: http://government.ru/media/fi файлдар/41d4b737638891da2184 / pdf (қол жеткізілген күні 15.11.2016).

3. Web of Science. - URL: http://apps.webofknowledge.com / (өтініш берілген күні 15.11.2016).

Нормативтік құжаттар:

1. МЕМСТ 7.0.96-2016 ақпарат, кітапхана және баспа стандарт бойынша стандарттар жүйесі. Электрондық кітапханалар. Негізгі түрлері. Құрылымы. Қалыптастыру технологиясы. - М.: Стандарт, 2016. - 16 б.
2. Ресей Федерациясының Білім министрлігінің 2013 жылғы 19 желтоқсандағы бұйрығы Ұйымдастыру тәртібін бекіту туралы " № 1367жоғары білімнің білім беру бағдарламалары - бакалавриат бағдарламалары, мамандық бағдарламалары, магистратура бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыру". - URL: http://www.consultant.ru/құжат/cons_doc_LAW_159671 / (қол жеткізілген күні: 04.08.2016).
3. ISO 25964-1:2011. Ақпарат және құжаттама-Тезаурус және басқа сөздіктермен өзара әрекеттесу-1 бөлім:Ақпаратты іздеуге арналған Тезаурус.- URL: http://www.iso.org/iso/catalogue_detail.htm?csnumber=53657 (өтініш берген күні: 20.10.2016).

6-қосымша

_____білім беру бағдарламасы бойынша _____магистрі академиялық дәрежесін алуға ұсынылған _____ (магистранттың аты-жөні) _____тақырыбындағы магистрлік диссертациясына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

Ескертпе! (Төмендегі тармақтарға сүйене отырып, жалпы мәтін ретінде жазылуы керек. Бөліктерге бөлу қажет емес!)

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (тәжірибе және ғылым мен техниканың даму сұранысымен).
2. Магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер.
3. Магистрлік диссертацияда берілген әрбір нәтиженің (ғылыми қағиданың), тұжырымдар мен қорытындылардың негізділігі және ақиқаттық деңгейі.
4. Диссертацияда жасалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағида), тұжырымдар мен қорытындылардың жаңашылдық деңгейі.
5. Алынған нәтижелердің ішкі тұтастығының бағалануы.
6. Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері және тұжырымдары бойынша жарияланған мақалалардың жеткіліктігі.
7. Диссертация мазмұны мен ресімделуіндегі кемшіліктер.
8. Диссертацияның қойылған талаптарға сәйкестігі.
9. Қорытынды.

Рецензенттің аты-жөні
ғылыми дәрежесі
жұмыс орны Аты-жөні

7-қосымша

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың 7М01109 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты

_____

(аты-жөні, тегі)

жарияланған еңбектерінің

ТІЗІМІ

№ р/с	Жұмыстың атауы, түрі	Баспа не электронды	Баспа, журнал (атауы, №, жылы, беттері), авторлық куәліктің, патенттің №	Баспа табақтар	Қосалқы авторлардың аты-жөні
1	2	3	4	5	6
а) ғылыми еңбектер					
1.	Этнопедагогикалық білім беру негізінде оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру мәселелері (мақала)	баспа	"Ғылым мен білім - 2017" студенттер мен жас ғалымдардың XII халықаралық ғылыми конференциясы». Астана, 14 сәуір 2017. - 4526-4529 бб.	0,37/0,18	Жаркемалиева А.Е.
2.	Креативный стиль мышления будущих педагогов: основа формирования социально активного подрастающего поколения (статья)	электронды	«Профилактика зависимостей» учебно-методический электронный журнал. №2(10), Москва 2017.С.15-17. www.ma123.ru	3 бет	
3.	To develop the values of students who give ethno-pedagogical education(article)	баспа	Peoples of eurasia: history, culture and interaction problems Materials of the VIII international scientific conference on April 5–6, - Prague, 2018. 17-22.pp.	0,62	
в) оқу-әдістемелік жұмыстар					
4.	Инклюзивті білім берудіңәдістері (оқу-әдістемелік құрал)	баспа	Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2018. -156 б.	9,75	

Магистрант _____

(аты-жөні, тегі)

Ғылыми хатшы _____

(аты-жөні, тегі)

ЕСКЕРТУ:

1. Еңбектер тізімі ұсынылған еңбектерді автор әкеліп көрсеткенде ғана бекітіледі.
2. Тізім бөлімдер бойынша еңбектердің жариялану ретімен жылнамалық тәртіпте реттің саны үзілмей жасалады:
   а) ғылыми еңбектер;

б) авторлық куәлік, диплом, патент, лицензия, ақпараттық карта, алгоритм, жобалар;

в) оқу-әдістемелік жұмыстар.

3. Тізімде тек жарияланған еңбектер көрсетіледі. Баспаға енді берілген жұмыстар, баяндамалардың тезисі мен сөйленген сөздер, газеттегі мақалалар, академиялық емес журналдарда жарияланған еңбектер тізімге қосылмайды.
4. **2-бағанда** жұмыстың толық атауы жақшаның ішінде жұмыстың түрін (монография, мақала, оқулық, оқу құралы, әдістемелік нұсқаулық, т.б.) көрсете отырып көрсетіледі. Қажет болған жағдайда еңбектің қай тілде жарияланғанын көрсетуге болады.
5. **3-бағанда** жұмыстың тиісті үлгісі көрсетіледі: баспа немесе электронды.**Электронды түрдегі мақаладегеніміз** - қағаз жүзінде жарияланбайтын тек белгілі сайттарда ғана орналастырылған мақалалар. Олардың баспа табағы саналмайды, тек мақаланың жалпы көлемі неше бет екені ғана көрсетіледі. Журналдарда жарияланып, авторларға PDF форматта жіберілген мақалалар электронды болып саналмайды.
6. **4-бағанда** жұмыстың шыққан орны нақты көрсетіледі (баспаның атауы, мерзімді басылымның нөмірі мен сериясы, шыққан жері, жылы, беті); жинақтарға сипаттама беріліп (жооаралық, тақырыптық, жооішілік, облыстық, республикалық және т.б.), шыққан орны мен жылы жазылады; барлық мәліметтер әдебиеттерді библиографиялық сипаттау тәртібіне сәйкес келтіріледі.
7. **5-бағанда** мақаланың баспа табағының саны көрсетіледі (бөлшектің алымында жалпы көлемі, ал бөлімінде авторға тиесілі көлем жазылады).
8. **6-бағанда** жұмыс авторларының тегі, аты, әкесінің аты жұмысқа қатысу тәртібі бойынша санамалап жазылады. Үлкен авторлар ұжымын көрсеткенде алғашқы 5 адамның тегі көрсетіліп, қалғандарын «т.б., барлығы .... адам» деп көрсетеді.

8-қосымша

_____білім беру бағдарламасы бойынша _____магистрі академиялық дәрежесін алуға ұсынылған _____(магистранттың аты-жөні) _____тақырыбындағы магистрлік диссертациясына сараптама комиссияның

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сараптама комиссиясының құрамында: комиссия төрағасы_____, комиссия мүшелері _____магистрі академиялық дәрежесін алуға ұсынылған _____ (магистранттың аты-жөні) _____тақырыбындағы магистрлік диссертациясын қарап, төмендегідей қорытынды жасайды:

1. Жұмыстың аталған мамандық пен ғылым саласына сәйкестігі.
2. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (тәжірибе және ғылым мен техниканың сұранысы).
3. Магистрлік диссертацияда берілген әрбір нәтиженің (ғылыми қағиданың), тұжырымдар мен қорытындылардың негізділігі және ақиқаттық деңгейі.
4. Диссертацияда жасалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағида), тұжырымдар мен қорытындылардың жаңашылдық деңгейі.
5. Алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселенің теориялық немесе қолданбалық міндеттерін шешуге бағытталған ішкі тұтастығының бағалануы.
6. Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері және тұжырымдары бойынша жарияланған мақалалардың жеткіліктігі.
7. Жұмыста плагиаттың кездесуі. _____(магистранттың аты-жөні) _____тақырыбындағы диссертациясына салыстырмалы талдау жүргізу нәтижесінде материалды авторға сілтемесіз пайдалану және көшіріп алу жағдайлары кездеспеді.
8. Сараптама комиссиясының шешімі

Сараптама комиссиясының төрағасы:

жұмыс орны, ғылыми дәрежесі Аты-жөні

Сараптама комиссиясының мүшелері:

жұмыс орны, ғылыми дәрежесі Аты-жөні

жұмыс орны, ғылыми дәрежесі Аты-жөні

жұмыс орны, ғылыми дәрежесі Аты-жөні